

Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған №2 арнайы мектеп-интернаты КММ

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

№1 Хаттамасы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Өткен күні: 10.08.2022ж

Шақырылған: Мектеп-интернатының әкімшілігі, дәрігер

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылына мектеп-интернаттың дайындығы

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы М.Сайдуллаев сөз алды. Ол өз сөзінде 2022-2023 оқу жылына мектеп-интернаттың дайындығы жайлы айтып өтті: 11 сынып, 11 ойын бөлмесі, 11 жатын бөлме, кітапхана, асхана, акт залы, медпункт, кір жуатын бөлме, жұмсақ және сенсорлық бөлмеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Спорт алаңы, спорт залы, тәрбиеленушілердің ойын алаңшалары мен беседкалары ретке келтірілген. Мектеп-интернаттың жарық, жылу, газ, су жүйелері қанағаттанарлық.

Жеңімпаз мердігерлер, атап айтқанда «Авто Сервис құрылыс» ЖШС және «BRR contrасі» ЖШС-тері пандус орнату, есік ауыстыру, әктеу, сырлау, кафель ауыстыру жұмыстарын жүзеге асырған.

Сондай-ақ, өртке қарсы шаралардың орындалуы негізінде өртке қарсы жабдықтар қамтылған. Мектепте еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі бойынша мекеме қызметкерлеріне нұсқаулықтары беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

Мектеп-интернат дәрігері К.Нұрымбетова сөз алды: мектеп-интернат қызметкерлері медициналық тексеруден мерзіміне сәйкес түгел өтті. Ата-аналарға тәрбиеленушілерді жаңа оқу жылына қабылдау ережесіне сәйкес медициналық тексеруден өтетін нұсқаулықтар мектепшілік чаты арқылы берілді.

Шешім етеді:

1. 2022-2023 оқу жылына мектеп-интернаттың дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



М. Сайдуллаев

Мүшелері:



Т.Усипбеков

Ж.Танатарова



Г.Тургунбаева


Б.Шайхсламова

Д.Нурмахметов

Х.Уринбаева

У.Жутшибаева

Қамқоршылық кеңес хатшысы:



Д.Турсынова

Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған №2 арнайы мектеп-интернаты КММ

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

№2 Хаттамасы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Өткен күні: 23.09.2022ж.

Шақырылған: Мектеп-интернатының әкімшілігі, бас аспазшы, қоймашы, дәмгер

Күн тәртібінде:

1. «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» мектеп – интернат оқушыларының тамақтануын қадағалау

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы М.Сайдуллаев сөз алды. Мектеп – интернатта тәрбиеленіп жатқан балалардың дұрыс тамақтануын бақылау мақсатында асханада болып, оның жағдайымен таныстық. Мектеп – интернат асханасы таза және жарық. Асханада ас әзірлейтін 2 пеш, 1 духовкалық пеш, желдеткіш, ет, сүт, көкөністер сақтайтын мұздатқыштар жұмыс істеуде. Ауа әрдайым желдетіліп отырады. Ас - мәзірі түзіліп, мекеме басшысымен бекітілген.

Мектеп – интернаттың дәмгері Н.Куанышбекова өз сөзінде: күнделікті 48 сағат дайындалған астың тәуліктік сапасы алынып отырады. Құрамы жеті адамнан тұратын бракераждық комиссия айына екі рет тамақтың сапасын тексеріп, акт түзіп отырады. Тәрбиеленушілерге күніне бес мезгіл ас беріледі. Атап айтқанда таңғы ас, екінші таңғы ас, түскі ас, бесін ас, кешкі ас. Тағамдар құрамы дәрумендермен байытылған. Балалардың қалыпты дамуын қамтамасыз ету үшін «С» дәруменінің маңызы зор екенін ескерген аспазшылар ас дайындау барысында оны бас назарда ұстайды. Тәрбиеленушілерге әзірленетін әрбір тағамның құрамы мен құндылығын ескеріп отырамыз. Астың дәмділігін, таза пісуін қадағалап, тексеру жүргіземіз.

Шешім етеді:

1. Оқушылардың сапалы тамақтануын әрдайым назарда ұстау.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



М. Сайдуллаев

Мүшелері:



Т.Усипбеков

Ж.Танатарова



Г.Тургунбаева


Б.Шайхсламова

Д.Нурмахаметов

Х.Уринбаева

У.Жутшибаева

Қамқоршылық кеңес хатшысы:



Д.Турсынова

Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған №2 арнайы мектеп-интернаты КММ

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

№3 Хаттамасы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Өткізілген күні: 09.12.2022 ж.

Шақырылған: Мектеп-интернатының әкімшілігі, педагог-психолог

Күн тәртібінде:

- 1. Шымкент қаласы білім басқармасы ҚР Президентінің атынан балаларға арналған «Қош келдің, Жаңа жыл-жаңа белес, жаңа арман!» атты жаңа жылдық шырша мерекесіне қатысуға және қаржылай көмек алуға мектеп-интернаттың тәрбиеленушілерін ұсыну**

Тындалды: Мектеп-интернат директор С.Джунисбекова 2022 жылдың 25 желтоқсан күні өтетін Шымкент қаласы білім басқармасы ҚР Президентінің атынан балаларға арналған «Қош келдің, Жаңа жыл-жаңа белес, жаңа арман!» атты жаңа жылдық шырша мерекесіне мектеп-интернаттағы аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан, тұрмыстық әлеуметтік жағдайы төмен, 9-13 жасқа дейінгі тәрбиеленушілердің тізімінен екі оқушыны ұсынуымыз қажет екенін айтты.

Тындалды: ДОИЖО К.Даулетова: мектеп-интернаттағы қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп әкімшілігі, педагог-психолог, ӘБ жетекшілері ұйғара отырып жас ерекшеліктерін ескермей аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан, тұрмыстық әлеуметтік жағдайы төмен екі тәрбиеленушіні, атап айтқанда 1 «Ә» сынып оқушылары Қуан Нұрбибі және Сұлтан Диасты 25 желтоқсан күні сағат 10.00 –де Көрме орталығында өтетін ҚР Президенттінің жаңа жылдық шыршасына қатысуға сондай-ақ әрқайсысына 100.000 (жүз мың) теңге көлемінде қаржылай көмек беруді ұсынамыз.

Тындалды: Қамқоршылық кеңестің мүшесі Б.Шайхсламова: Қуан Нұрбибі көпбалалы отбасынан шыққан, ата-анасы жұмыссыз. Қуан Нұрбибінің денсаулығына байланысты қосымша ем-шаралар алып жүреді.

Тындалды: Қамқоршылық кеңестің мүшесі У.Жутшибаева : Сұлтан Диас мектеп-интернатқа биылғы оқу жылында қабылданды. Отбасында есту қабілеті бұзылған екі бала бар. Ата-анасының денсаулықтары жоқ. Тұрмыстық-әлеуметтік жағдайлары төмен.


Тындалды: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы М.Сайдуллаев жас ерекшелігіне аса мән бермей әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасынан шыққан, қамқоршылықты қажет ететін осы Сұлтан Диас, Қуан Нұрбибіге ҚР Президентінің шыршасына арналған сыйлыққа әр оқушыға 100.000 (жүз мың) теңге көлемінде қаржылай көмек беруіне қарсы еместігін айтып, кеңес мүшелерінің дауыс беруін сұрады.

Қамқоршылық кеңес мүшелері бір ауыздан қолдап, дауыс берді.

Шешім етеді:

1. Шымкент қаласы білім басқармасы ҚР Президентінің атынан балаларға арналған «Қош келдің, Жаңа жыл-жаңа белес, жаңа арман!» атты жаңа жылдық шырша мерекесіне қатысуға және әр балаға 100.000 (жүз мың) теңге көлеміндегі көмекті 1 «Ә» сынып оқушылары Қуан Нұрбибі, Султан Диасқа берілсін

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



М. Сайдуллаев

Мүшелері:




Т.Усипбеков

Ж.Танатарова



Г.Тургунбаева




Б.Шайхсламова

Д.Нурмахметов

Х.Уринбаева

У.Жутшибаева

Қамқоршылық кеңес хатшысы:



Д.Турсынова

**Қамқоршылық кеңесінің 2022 жылдың
II жарты жылдығы бойынша директордың есебінің**

ХАТТАМАСЫ № 4

Күні: 09.01.2023ж

Қатысқандар: 7

Күн тәртібінде:

1. Мектеп-интернат директоры С.Джунисбекованың 2022ж. II жарты жылдығында қаралған бюджет қаржысының жұмсалуды туралы есебі.

Сөз сөйледі:

Мектеп-интернат директоры С.Джунисбекова: 2022 қаржы жылына материалдық-техникалық базасын дамыту үшін, тәрбиеленушілерді тамақпен қамтамасыз етуге, коммуналдық төлемдерге, ұжым қызметкерлеріне жалақыға және тағыда қосымша қызметтерге бөлінген қаражаттардың есебі 2022 жылы мамыр айындағы қамқоршылық кеңесінің отырысында берілген болатын.

2022жылы 01 маусым айына дейін қаралған қаражат толығымен игерілді. 149 ерекшелік бойынша үнемделген қаржыдан 1 458 000,00 теңге көлемінде асхана еден төсенішін (кафель) ауыстыру жұмыстарына және әктеу, сырлау жұмыстарына мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізіліп жеңімпаз анықталды. «BRR contract» ЖШС жеңімпаз болып анықталып 794 640,00 (жеті жүз тоқсан төрт мың алты жүз қырық) теңгеге келісім шарт түзіліп, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізді. Қалған 559 967,52 (бес жүз елу тоғыз мың тоғыз жүз алпыс жеті) теңге көлемінде қайта мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізіліп, «Авто Сервис құрылыс» ЖШС пандус орнату, есіктерді ауыстыру жұмыстарын жүргізді.

Сондай-ақ, өртке қарсы шаралардың орындалуы негізінде өртке қарсы шаралары орындалды. Атап айтқанда, шатырдың ағаш құрылымдары өртке қарсы сұйықтықпен өңделді.


Интернатқа 85 бала қабылданып, осы уақытқа дейін 3 бала белгілі себептермен ата – аналарының өтініштерімен мектептен шығарылып, қазіргі таңда 82 бала білім алып, тәрбиеленуде. 31 бала аз қамтылған отбасынан шыққан.

Жаңа жыл мерекесіне қаралған 200000,00 тенгеге 82 тәрбиеленушіге сыйлықтар табысталды. Президент шыршасына қамқоршылық кеңесінің шешімімен аз қамтылған отбасынан шыққан 1 «Ә» сынып оқушылары Қуан Нұрбибі мен Сұлтан Диасқа 100000,00 теңгеден ақшалай сыйлық ата – анасының жеке шоттарына аударылды.

Қаулы етеді:

1. Мектеп-интернат директоры С.Джунисбекованың 2022 II жарты жылдығына қаралған қаржының жұмсалуды есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:




М. Сайдуллаев

Мүшелері:




Т.Усипбеков



Г.Тургунбаева



Б.Шайхсламова



Х.Уринбаева



У.Жутшиева

Қамқоршылық кеңес хатшысы:



Д.Турсынова